ХҒТАР 02.15.21

# Ұлытау ландшафтының мәдени символикасы

**Фарида М. Мұсатаева**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

E-mail: f.mussatayeva@mail.ru
https://orcid.org/0000-0003-1326-2141
DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-199-217

**Аңдатпа.** Мақалада Ұлытаудың мәдени ландшафтының жандану үрдістері қарастырылған. Кеңестік кезеңдегі ең «жасырын» өңірлердің бірі Ұлытаудың маңыздылығын қалпына келтіру үшін тарихи нысандар туралы құжаттар саяси шешімдер қабылдау және тұжырымдамалық міндеттер деңгейінде талданады. Ұлытау ауданында орналасқан тарихи нысандардың символдық мазмұны қалай жаңарып, бұл нысандардың туристік мазмұндағы ірі кешендерге қайта қалпына келтірілгендігі зерделенеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан өңірді ревитализациялау науқаны 1992 жылғы Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш Құрылтайдан бастау алып, бүгінгі күні Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап өту шарасына дейін жалғасын тапты. Мемлекет тарапынан жүргізілген стратегиялық бағдарламалар, оның ішінде «Рухани жаңғыру» аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы төңірегінде Ұлытаудың тарихи-мәдени маңызы бар орындары қайта түгенделді. Бір жағынан, Ұлытау Қазақ хандығының шаңырақ көтерген орны саналып, мемлекеттіліктің, елдіктің, бірліктің нышаны танылса; екінші жағынан, киелі нысандар көп шоғырланған, этнографиялық туризм әлеуеті жоғары өңір.

Автор Ұлытау ландшафтының символикасы үш түрлі мағыналық ұстаным арқылы: біріншіден, Ұлытау мемлекеттіліктің бастауы, елдіктің нышаны; екіншіден, аспан асты мұражай ретінде; үшіншіден, туристтік орталық ретінде қарастырып, мәдени әлеуетін саралайды.

Аталмыш мақала ғаламтордың ашық көздерінде жарияланған қолжетімді мәліметтер, мұрағат құжаттары, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында жарық көрген еңбектер және сарапшылардан алынған тереңдетілген сұхбат нәтижелеріне сүйенген эмпирикалық деректер негізінде әзірленген.

**Түйін сөздер:** Ұлытау; мәдени ландшафт; киелі орындар; естелік орындар; ревитализация; мемлекеттілік; тарихи жады; ұжымдық жады.

ХҒТАР 02.15.21

Received 01 April 2022. Revised 07 May 2022. Accepted 31 May 2022. Available online 30 June 2022.

**For citation:**
Mussatayeva F.M. The cultural symbolism of the Ulytau landscape //Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 139. – №. 2. – С. 199-217. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-199-217

**Для цитирования:**
Мусатаева Ф.М. Культурная символика ландшафта Улытау // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 139. – №. 2. – С. 199-217. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-199-217

## Кіріспе

Ұлытаудың мәдени-тарихи ландшафтын ревитализациялау үрдісі 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан алғашқы Құрылтайдың қатысушылардың сапарынан бастау алады. Отандық белгілі аймақтанушы Бахтияр Қожахметовтың пікірінше, бұл қазақ руларын көне атамекенге қайта жұмылдыруға, біріктіруге мақсатталған тарихи оқиға (Кан, 2011:231). Құрылтайда дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған қандастарды қайтару, қазақ халқының тағдыры мен ата-баба мұрасы саналатын тіл мәселесі жайында сөз қозғалғаны кездейсоқ емес.

Жандандырудың екінші үрдісі қазақ халқының тәуелсіздік пен бірлікке ұмтылған арман-мүденні айшықтайтын Елбасының 1993 жылы «Қазақстан мемлекеттілігінің тұтастығы мен халықтар бірлігі» монументін қоюмен байланысты. Мұндай түрлендіру егемендік таңындағы ребрендинг нәтижесі саналып, аз уақыттың ішінде Ұлытаудың Ұлы Дала Елінің нышаны айналуына ықпал етті (Ермаганбетова, 2019:76).

Аталған екі тарихи оқиға Кенес үкіметі тұсында өткізілген салтанатты жиындар пішімінен өзгерек. Күн тәртібінде бұрын-соңды айтылмаған ұлт құрылысына қатысты сұрақтар талқыланды. Сондықтан, ертеден нақыш сөзге айналған «Ұлытау – ұлт ұясы» дегеніміз – егеменді елде барша қазақ ұлтының арқа сүйер іргесінің, бас қосарлық жерінің барын білдіруі.

Ұлытаудың өзіндік киелі кеңістік ретінде танымал болуына ықпал еткен тағы бір маңызды фактор – Тұңғыш Президент Н.Назарбаевты Хан Ордасы алаңында ақ кигізге көтеріп «Алаш ханы» етіп ұлықтау.

Бұл мақалада Ұлытаудың мәдени ландшафтының жандану үрдісінің қалай болғанын, оған кімдер қатысқанын, ең белсенді акторлар мен реципиенттердің кім болғандығын қарастырғым келеді. Ол үшін Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы, ескерткіш орнату, сапар орталығын салу тәрізді идеологиялық оқиғаларды талдауды сыртқы кенеп ретінде қолдандым. Сонымен қатар, одан бөлек, тарихи және ұжымдық жады арасындағы күрделі қатынастың бір мезгілде өзара байланыстылығы мен қарама-қайшылығы қарастырылған.

## Әдіснамасы

Мақаланың әдіснамалық негізіне коммеморация-жады теориясының классиктері Морис Хальбвакс пен Пьер Нора еңбектері алынған. Автор аталмыш жұмыста «Қазақстандағы естелік тәжірибесі мен орындары» атты авторлар тобымен әзірленген естелік концепциясына қатысты теориялық зерттеулерге сүйенеді. Сонымен қатар, мақала тақырыбының теориялық және практикалық мәнін ашу барысында мұрағат, бұқаралық ақпарат құралдары, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көрген әдебиеттер мәліметтері қолданылған. Ғылыми-теориялық ізденіс нәтижелерінің репрезентативтілігін дәйектеу мақсатында Ұлытау өңірінде мемлекеттік қызметші, ғылыми-зерттеу институтының маманы, мұражай зерттеушісі және жергілікті жекеше экскурсия жетекшісінен тереңдетілген сұхбат алу арқылы жинақталған эмпирикалық деректермен толықтырылған. Мақалада автормен 2020, 2022 жылдары далалық зерттеу жұмыстары барысында түсірілген фотосуреттер қолданылған.

**Талқылау**
**«Ұлытау – ұлт ұлысы»**

Ғылыми-зерттеу қоғамдастығының және билік басындағылардың қазақ елінің көне ордасы танылатын Ұлытау мекеніне қызығушылығы өткен замандардан бастау алады. Бір жағынан бұл өңір Қазақ хандығының құрылуына негіз салған Бұланты шайқасының жеңісімен мәнді болса, екінші жағынан тарихи маңыздылығы бар ескерткіштерімен ынталандырады. Үйреншікті кеңестік сарындағы Ұлытау метталургиялық қазба байлықтары арқасында танымал болғанымен, сол кезеңнің өзінде Қаныш Сәтбаев бұл жердің елдік нышаны ретінде танылуын «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегінде жазған. Академик Сәтбаев Ұлытау таулары қазақтардың ежелгі саяси орталығы ретіндегі маңызының көрсеткіші – бір кездері «қазақ» тектілігін құраған барлық негізгі тайпалар аумақтары Ұлытау тауларынан тарағандығында. Ұлытауда қазақтардың ежелгі саяси орталығының болғанын осы өлкедегі материалдық мәдениет ескерткіштері де растайтындығын айтады (Кожамсейітов, 2014:7).

Ұлытау ланшафтын Ұлы Дала халқының жаңа тарихи санасының және дүниетанымының қалыптастыру саясаты ретінде қабылдану үрдісі 1993 жылдан бастау алады деп нық айтуға болады. Бұл жылы мемлекеттік стратегиялық маңызы бар екі бірдей оқиға Ұлытау өңірінде өткізіліп, Тәуелсіздік таңындағы тарихи жадыда мәңгі сақталып қалды. Біріншіден, Тұңғыш Президент Н.Назарбаевты Хан Ордасы алаңында ақ кигізге көтеріп, «Алаш ханы» етіп ұлықтау оның 1993 жылғы 15 қыркүйектегі Ұлытауға сапарында өткізілсе, екіншіден, осы күні ол «Қазақстан мемлекеттілігінің тұтастығы мен халықтар бірлігі» монументі ескерткішінің белгі тасын орнатады (Тлеубаев, 2001:6).

Дәл осы жылдың аяғында Елбасының «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» мақаласы жарыққа шығып, мұнда идеологиялық платформаны құру қажеттілігі жөнінде айтылғаны кездейсоқтық емес. Сонымен қоса, Н.Назарбаев өз сөзінде Қазақстанда тұрып жатқан азаматтарды теңдігін тек қазақ халқының және қазақ тілінің біріктіруші рөлін арттыру негізінде ғана іске асыру мүмкіндігіне ерекше көңіл бөлді (Назарбаев, 1993:24). Атап айтқанда, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық идеологиялық басымдықтарды еңсеруде Ұлытаудың символикалық географиясы кеңінен қолданылды. Тіпті бұл өңір мемлекеттің әкімшілік орталығы атану мәселесі де қарастырылған:

> *«1993 жылы Елбасы Ұлытау өңіріне келгенде осы аймақты астанаға ауыстырмақшы болды, біраз қарап, саралап көрді. Ұлытау қаншалықты киелі жер болса да, елорданы құруға келмейтінін түсінді, себебі су тапшы, таулы аймақ, көлік жолдарына да ыңғайсыз» (мемлекеттік қызметші).*

Қазақ жерінің кіндігі болып табылатын Ұлытау өңірі мемлекеттің ресми назарына Н.Назарбаевтың 2014 жылғы сапарында туындаған «Ұлытау төріндегі сұхбатынан» кейін алына бастады.

> *«Әрине, Ұлытауды мемлекет деңгейінде жаңадан ашуға, жаңадан ұлықтауға түрткі болған Елбасының 2014 жылы берген мақаласы. Қазақ жұртына Ұлытауды билік тарапынан дәріптеудің екі толқынын атап өтуге болады: біріншісі – 2014 жылғы Елбасының сұхбаты, екіншісі – 2019 жылы Қ-Ж.Тоқаевтың форумдағы сөйлеген сөзі. Бірінші толқын Қазақ хандығының 550-жылдығын өткізуге түрткі болса, екіншісі – Алтын Орданың 750-жылдығын атап өтуге ықпал етті» (мемлекеттік қызметші).*

Тұңғыш Президент сұхбатта Ұлытаудың ұлт тарихында алатын орнынан бастап бүгінгі күннің даму жоспары, экономика, тіл, дін, мәдениет секілді мәселелерге тоқталып өтеді. Ол өз сөзінде қазақ даласының төрт бұрышындағы киелі жерлерді атай келе, «дегенмен Ұлытаудың орны бір басқа» деген ұйғарымға тоқтаған. Сонымен қатар, Елбасының

Әулиебұлақ жағасындағы сұхбат соңында Ұлытау даласын ата-бабалар жолымен және Мәңгілік Ел идеясымен тоғыстырады (Туған тіл, 2014: 4). Тұңғыш Президенттің Ұлытауға қатысты құндылықтық бағдарларды стратегиялық идеологиямен үйлестіруін оның ұлттық-мемлекеттік құрылыстың ерекше нышаны ретінде қабылдауы деп тануға болады.

2014 жылғы Елбасы сұхбатының жариялымынан соң әр сала мамандары Ұлытау өңірі жайында көптеген зерттеулерін жарыққа шығарды. Оларды сараптау барысында Ұлытау этимологиясына қатысты бірнеше пікірді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Алғашқы пікірді философ ғалым Ғарифолла Есім Ұлытау термині «ұлықтау» сөзінен пайда болған деседі: «біздің қазір «Ұлытау» деп атап жүрген өңіріміздің атауы тікелей Жошы ханға және одан тараған хандардың ұлықтауына қатысты, сонда «Ұлытау» деп жүргеніміз тауға емес, хандарды ұлықтауға қатысты мәселе» (Есім, 2014: 10). Бұған қатысты екінші пікірді отандық жазушы Батырбек Мырзабеков Нұқ Пайғамбар заманнындағы тарихи аңызбен байланыстырып, Ұлытау – бұл топан су астынан төбесі қылтиған таулардың бірі болғандықтан Ұлы жер атауы берілген деседі. Ал археолог Қабдол Әуезовтың пікірінше, Тұмар патшайым бастаған парсыларға қарсы шайқас Ұлытау етегінде өткендіктен осы мекенді Ұлт ұясы, атақоныс ретінде қабылдап кеткен делінген.

Мемлекеттік қызметші 2010 жылы Ұлытаудың символикалық мәнін қайта реттеу үрдісі жүргізілгендігін айтады:

> *«Бұл орайда үш символ басты назарға қойылды: хандық – билік – халық. Қазір алаңда Қасым ханның прототипі тұр, таңбалы тасты қойдық, осылайша туристтер келгенде бұл жер Хан Ордасы болғандығын сезінуі керек. Мәселен, Түркістан Қазақстанның бірегей діни орталығы, қай жеріне аяқ баспасаңыз діни мазмұндағы жасалған заттарды, Жібек Жолымен байланыстығын көресіз. Сол секілді, Ұлытау да өз архитектурасымен, дизайн жобасымен, аббатандыру жұмыстары толығымен хандық концепциясымен қатарлас жүруі қажет. Ұлытауға тарихи мәртебесін көтеру үшін тарихи келбет беру мақсатында жасанды балбал тастар, Қасым хан алаңы, батырлардың макеттері жасалып қойылды».*

Осылайша, Ұлытау мемлекеттілік пен хандық билік институты құрылуының бастауы ретінде қабылданып, келешек ұрпаққа елдік нышаны ретінде дәріптелу тиістігі анықталды.

Алайда, сарапшының пікірінше, Ұлытау төңірегіндегі өзгерістер саясаттандырылмай, тек экономикалық тұрғыда қарастырылғаны жөн:

> *«Билік тарапынан Ұлытауға көңіл аудару үрдісін «десоветизациядан» гөрі «деруссификацияның» бастауы деп айтуға болады. Себебі, бұғанға дейін Совет Үкіметі заманында Алтын Орда тақырыбы жайында сөз қозғалмайтын. Алтын Орда негативті қабылданды, басқыншы, Русь жерлерін жаулап алған моңғолдар ретінде танылатын. Бірақ, Тоқаев өз сөзінде Ұлытауды саясаттандырмай, тек экономика, туризмді дамытуға, қазақ тарихын насихаттауға басымдылық танытады. Көбісі Жошы хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы екенін, оның осында жерленгені жайында біле қоймайды. Егер де біз Жошы хан құндылығын халықаралық деңгейге көтерсек, келушілер ағыны да ұлғаяды. Ұлытауды Алтын Орданың негізін қалаушы ретінде мақтаныш тұтуға толық қақымыз бар, киелі жер ретінде барша әлемге паш етуге мүмкіндік туып отыр» (мемлекеттік қызметші).*

Ауданға халық қызығушылығын арттыру, туристтерді тарту және оларға қолайлы жағдай жасау жолдары жергілікті ортаны көріктендіру арқылы жүзеге асатындығы белгілі. Ал ол өз кезегінде қыруар қаржыны, жұмыс күшін талап етеді. Осы орайда Ұлытауды көркейту мәселесі тек билік тарапынан ғана емес, мүделлі тараптар есебінен шешілетіні анықталды:

> *«Көбінесе инвестиция арқылы, қазір басқа жақта тұратын осы жақтың тумалары да бар, облыс әкімі де көмектеседі – спонсорлықтың біраз бөлігі Ұлытауға бөлінеді, «Қазақмыс»*

*та бар. Мәселен, Кеңгір жерінің тумасы, қоғам қайраткері, ірі бизнесмен Марғұлан Сейсембай ауданда мешіт салды. Осы жерде туылған жерлестердің бизнесі жылына 500 млн-ға дейін айналым жасайды екен. Олардың фирмасы астанада болса да, заңды тіркеуі Ұлытауда, ягни 40-50 млн салық сомасы біздің ауданга түседі» (мемлекеттік қызметші).*

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, Ұлытау өңірінің инфрақұрылымын жандандыру, тарихи маңызы бар ескерткіштерді орналастыру үрдісін, бір жағынан, неміс әлеуметтанушысы П.Бергер мен неміс психологы Т.Лукманның «Шынайылықты әлеуметтік құрылымдау» теориясына жанастыруға болады. Ғалымдардың зерттеуінше, жеке институционалды іс-әрекет жалпыға бұрмалану арқылы таралып, дәл уақыттағы шынайлық бұрыңғы түсініктерден әлдеқайда жақынырақ қабылдана бастайды (Бергер, 1995:81). Басқаша айтқанда, мүдделі топ жалпыға жаңа шынайылықты орнатып, әлеуметтік ортаны жаңадан құрылымдайды. Екінші жағынан, француз философы М.Хальбвакстың «Ұжымдық және тарихи жады» еңбегіндегі тұжырымдамасымен сәйкес келеді. Оның айтуы бойынша, қандай да бір оқиғалар ағымында ұжымдық санада бұрыңғы естеліктердің беті ашылып тарихи жадыға ұласады. Ал ол өз кезегінде жаңа оқиғалар мен онымен байланысты жаңа естелік орындарын ашуға мүмкіндік береді (Хальбвакс, 2005:12).

Сонымен қатар, мәдени ландшафтты жандандыру мен көркейту жұмыстарының қарқындылығы, біріншіден, руластық қатынастардың бекемділігі; екіншіден, жершілдік сезімдердің басымдығынан; үшіншіден, жергілікті әкімдік басқарушысы беделдігінің деңгейіне байланыстылығы мәлім болды.

### *Ұлытау - ашық аспан асты мұражай*

Тарихи хронологияға үңілетін болсақ, қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан жәдігерлерді мамлекет қорғауына алу алғышарттары 1949 жылдан басталған. 1949 жылғы 17 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Мәдени ескерткіштерін қорғауды жетілдіру шаралары туралы» №133 қаулысы шықса, кейін 1974 жылғы 7 маусымында «Мемлекеттік қорғауға енетін Қазақстанның сәулет ескерткіштері туралы» №338 қаулысы жарық көреді. Ұлытау атауы алғаш рет 1982 жылғы 26 қаңтардағы «Республикалық маңызы бар Қазақ КСР тарихы мен мәдениет ескерткіштері туралы» №38 қаулысында қолданылған (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы №38 қаулысы, 1982). Мұнда аталған ауданда орналасқан тоғыз археологиялық, сәулет құрылыстары – Бесқамыр қалашығы, Жошы хан, Алаша хан, Дүзен, Лабақ кесенелері, Домбауыл салттық ғимараты, Айранбай күмбезі, Мақат сағанасы, Кетебай күмбезі мемлекет қорғауына алынған. Қазақстанның зайырлы мемлекет аталуының қарсаңында 1990 жылы 29 қарашада Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №466 қаулысымен «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны құрылады (Ермаганбетова, 2017:41). Осылайша бүгінгі күні қорық-мұражай құрылымы 25 кешен орналасқан жалпы көлемі 147246 мың гектарды құрайтын аумақты алады. Ұлытау өңірінің аумағында әртүрлі уақыттағы ресми тіркелген 337 ескерткіш бар, оның 282-сі «Ұлытау» қорық-музейінің тарихи-мәдени картасында көрсетілген (Қарағанды облысы (Ұлытау), 2019:184).

Соңғы мәліметтер бойынша бүгінгі күні Ұлытау өңірінен жалпыұлттық деңгейдегі тізімге 12 нысан кіреді: 1. Айранбай (Бескүмбез) кесенесі, XIX ғасыр; 2. Аяққамыр кесенесі, XI-XII ғасырлар; 3. Алаша-хан кесенесі, XI-XII ғасырлар; 4. Жошы хан кесенесі, XIII ғасырдың I-ші жартысы; 5. Дүзен кесенесі (Жүзден), 1863-1866 жылдар; 6. Домбауыл салт-жоралғы құрылысы, VIII-IX ғасырлар; 7. Лабақ кесенесі, XIX ғасыр; 8. Кетебай кесенесі, 1898 жыл; 9. Болған-ана кесенесі, XII-XIII ғасырлар; 10. Басқамыр қалашығы, IX-XII ғасырлар; 11. Мақат кесенесі, 1923 жыл; 12. Ақмешіт әулие кешені, XIV-XV ғасырлар (Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы, 2020). Бұл тарихи-мәдени маңызы бар нысандар 2017 жылдан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жоба аясында зерделеніп тізімге алынған. Осы ретте ғылыми-зерттеу институты маманымен кездесу барысында алынған сұхбатқа сүйенсек, *«жалпыұлттық тізімге енген орындар – бұл тұтас халықпен толықтай мойындалған, көпке мәлім болған, еш талассыз, сөзсіз киелі деп танылатын ұлттық құндылығы жоғары жерлер»* делінеді. Ғылыми маманның айтуынша, киелі орындарды зерттеу, іріктеу кезінде халық арасында көптен таралған аңыз-әңгімелерге сүйенген:

> *«Себебі, біріншіден, бұл саяси бағдарлама; екіншіден, әр ғалым әртүрлі талқылайды, өз зерттеу тақырыбын жазады, бірақ ортақ пікір жоқ. Ал аңыз-әңгіме деген қарапайым жұртшылыққа түсінікті және жеңіл қабылданады, туризмді және кіші өлкенің ішкі-сыртқы туризмін дамытуға септігін тигізеді. Маңызы бар орындарды халық анықтайды, оны ешбір әкім де, президент әкімдігі де шешпейді, тек халықтың таңдауы арқылы іріктеледі»*.

Әрине, халықтың көпшілігімен ұсынған нысандарға қатысты ауызекі аңыз-әңгімелер тарихи деректермен, шежіремен байланыстылығын Институт жанындағы Ғылыми-сараптамалық топ дәйектеп қорытындылайды. Маманның баяндауынша, жобаның мақсаты ұмытылған тарихты, халық жадысын қайта жандандыру болғандықтан комиссияға келіп түскен барлық ұсыныстар қаралады. Осылайша жоба аясында халық естеліктерінің арқасында ұлттық тарихимыз жаңадан жазылып, жаңадан қарастырылып жатыр. Түптеп келгенде, киелі жерлер субъективті бір адамның немесе мүдделі топтың шешімі арқылы таңдалмай, ортақ объектівтік принцип және репрезентативтік заңдылық арқылы таңдалғандығы анықталды.

Халықтық жадыда сақталған естеліктермен тарихты жаңғырту үрдісі француз ғалымы М.Хальбвакс бойынша ұжымдық жады мен тарихи жады арасындағы шекара өте нәзік, әрі сезімтал екендігін тағы да айқындайды (Хальбвакс, 2005: 22). Философтың айтуынша, тарихи жады біріңғай цифрлар, құрғақ деректер мен әрсіз тұлғаларға толы. Тарихи оқиғаның болған орны мен нақты сюжеті, оған қатысты ірі ерлік істер баяндалғанымен, оқырман әсерленіп, көз алдына елестету қиындыққа соғады. Ал ұжымдық жады алып тұлғалардың қимыл-әрекет бейнесін, тың мінезін, көптін ортасында тараған «тірі» әңгімелерін баяндау арқылы тарихи деректерде кездеспейтін мағлұматтарды қайта жаңартады. Осылайша, ұжымдық және тарихи жады бір-бірін толықтырып, кейде бір-біріне сіңісіп, кейде керісінше қарама-қайшы келеді. Ұжымдық сана сол тарихи кезеңнің маңыздылығын танып, оны келесі ұрпаққа аманат етуге тырысады. Сондықтан ұжымдық сана ақпарат иелерінің бірізділігіне қарай шектеулі мерзімде ғана өмір сүруі мүмкін. Сол себепті, «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы кіші топтарда, ұжымдарда ғана белгілі нысандардың шекті шеңберлерін үзіп, көпшілікке масштабтау және тарихи санада бекітуге мақсатталған.

Сонымен, Қарағанды облысында 23 киелі орындар орналасқандығын ескеретін болсақ, бұл жалпы бөліністен Ұлытау еншісіне жартысынан көп үлесі түссе (52,2%), барша 250 республикалықтан 4,8% енеді. Ал Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне 1538 нысан енсе, оның 358-і (23,3%) немесе төрттен бір бөлігі Ұлытау ауданында орналасқан (сурет-1) (Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 73/01 қаулысы, 2020).

*Ұлытау ауданында орналасқан республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны*




Жоғары аталған деректерге сүйене келе, Ұлытау өңірі Қарағанды облысы шеңберінде ғана емес, барша мемлекет дәрежеде ерекше орын алатындығы және қазақ жұрты елділігін сақтап қалуына елеулі үлес қосқандығын атап өтуге болады.

Айта кететін жайт, Ұлытау 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасына сәйкес алты негізгі туристтік кластерінің бірі - «Табиғат пен көшпенді мәдениетінің бірлігі» кластеріне енетіндіктен, бұл аймақ дала өркениетінің бір бөлігі ретінде саналады (Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 жарлығы, 2014). Кейін, 2017 жылы аталған кластер тізіміне «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи қаумалы туристік қызығушылық тудыратын орындар қатарына қосқан (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы, 2017).

Осылайша, Тәуелсіздік жылдарында Ұлытау аумағындағы маңызды нысандарды түгендеу, сараптау және саралау жұмыстарының нәтижесі 2016 жылғы 24 тамызда QazaqGeography ұйымы мен ҚР Үкімет мүшелері «Жошы хан» тарихи-мәдени орталығы құрылысының бастауына ұйытқы болады (Ағымдағы жылдағы бірінші кездесудің нәтижелері QazaqGeography және Ұлытау қорық-мұражайы, 2017). Ал Қ-Ж. Тоқаевтың қатысуымен өткен «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумының қорытындысы Ұлытаудың туристік әлеуетін одан әрі арттыруына жол салады (Мемлекет басшысы «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумының жұмысына қатысты, 2019).

Бүгінгі күні Сапар орталығының құрылыс жұмысы толық аяқталған және салыну барысы бірнеше жағдаяттарға толы:

> *«Орталық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің үлгілік жобасы болғандықтан оның құрылыс әдісі, түр-келбеті Қазақстандағы салынған Сарайшық пен Тамғалы тас жанындағы ғимараттарға ұқсас. Алайда, құрылысқа тапсырыс беруші қорық директоры болғандықтан, ол Ұлытауды басқаларынан өзгеше етіп көрсететін өзіндік бір идеяларын ұсынды» (мұражай зерттеушісі).*

Сонымен қатар, мұндай ғимарат салынуына да ғалымдар тарапынан және халық арасында талай дау-дамайлар кезкескендігі байқалады:

> *«Құрылыс енді басталғанда Орталыққа қатысты әртүрлі ой-пікірлер болды. Олардың ішінде қарсы пікір айтқандардың бірі археологтар. Ұлытаудың ең қасиетті деп саналатын, жалпыұлттық тізімге кірген – бұл Әулиетау шыңы. Оған ең жақын объект - осы Сапар орталығы. Мәселен, археолог Эмма Радиковна «тарихи жерлерде мұндай ғимараттар салынбауы тиіс, себебі олар шынайы келбетін, өзіндік қасиеттілігін жоғалтады» деген пікір қалдырады. Екіншіден, жергілікті халық келушілер санының артуына байланысты Ұлытау*

*туризм орталығына айналып, кейін аудан әкімшілігі атауынан айырылып қалады деп сескенеді» (мұражай зерттеушісі).*

Ұлытау өңірінің киелі жерлеріне зиярат жасауға сұраныс артуына байланысты және оның мемлекеттілік белгісін дәріптеу мақсатында туризм инфрақұрылыс деңгейін дамыту қажеттілігі жылдан жылға өзекті болып келеді. Материалдық базамен қатар тиісті туристтік бағдарлар, жолнұсқа мен арнайы экскурсия жетекшілерін даярлау, қызметтер топтамасын әзірлеу білікті мамандар тартылуын қажетсінеді. Ұлытау кешенінің аксиологиялық қағидаттарын халықтың сол жерге киелі мүддесіне икемдеп, өзіндік дара символикалық маңыздылығын құру керек.

*«Ұлытаудың әр объектісіне қарасты өзіндік жағдаят нарығы бар. Мысалы, Теректіге балалы бола алмай жүргендер сәбилі болуын сұрайды, жанұя жағдайын жақсарту ниетімен келеді. Хан Ордасына депутаттар, үлкен басшылар келіп жатады, олар тағын сақтап қалу үшін немесе қызмет жолым ашылсын, беделім артсын деп тілеп жатады. Ал Әулиетау – әмбебап орын, оның шыңына көтерілу біраз күш пен шыдамдылықты қажетсінетіндіктен барлық тілектер орындалады деп сенеді» (мұражай зерттеушісі).*

Алайда Жошы хан кесенесінің жанына осы уақытқа дейін зират салу практикасы орын алып келеді. Республикалық маңызы бар нысандар мемлекет қорғауына алынса да, кей ру ұрпақтары (Киікбай, Жауғашты) осы аймақты ел арасында шартты түрде иемденіп, жерлеу рәсімдерін өткізіп жүр (1,2 сурет).

**Сурет 1. Жошы хан кесенесінің алдыңғы жағына салынған зираттар, Жауғашты руының ұрпақтары (1996, 2003 жылдары)**



**Сурет 2. Жошы хан кесенесінің алдыңғы жағына салынған зират, Киікбай руының ұрпағы (2019 жыл)**



*«Жошы хан кесенісің жанына зират салу практикасы бүгін ғана емес, XVIII ғасырдан бастау алады. Бұрыңғы заманнан сол аумақты арғыннан тарайтын Киікті руы өз жеріміз деп белгілеген екен. Аңызға сүйенсек, көп батырлар жоңғарларға қарсы Бұланты шайқасында мерт болып, сол жерде көмілген екен. Кейін Кенесары хан осы өңірді батырлардың ұрпақтарына бөліп, әр әулет зират салуға келісім берген екен. Сол уақыттан бастап әр ру жерді телімдеп, бүгінгі күнге дейін өз ата-бабасының қасына жерлеу рәсімін өткізіп келеді. Кей тарихи фактілер бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін, қай жер кімге тиесілі болғандығын терең зерттеу керек, картаға түсіру керек. Бірақ халық арасында осындай аңыз-әңгімелер тараған» (мұражай зерттеушісі).*

Сарапшының айтуынша, тарихи орындар, объектілер қорықтың территориясына кіретіндіктен, мұндай үрдіске жергілікті әкімшілік тарапынан халыққа айтылып, тыйым салынып отырады. Бірақ, заң жүзінде немесе қандай да бір құжатқа жанастырып, зират салмауға түпкілікті қарсы тұра алмайды. Дегенмен, киелі орындар маңына зират салу практикасының жақсы жақтары да бар.

*«Мұндай практика Жошы ханның тарихта алатын орнын, оның қасиеттілігін, құндылықтық келбетін жоғалтпайды, еш зиянын тигізбейді. Егер кесене маңына қоғамдық ғимараттар салынса, әрине, ол сол жердің тарихилық образына нұқсан келтіруші еді. Бір жағынан, зираттар салынғанның арқасында, аруақтарға бата жасап келушілердің арқасында кесенелер вандализмнен аман қалған шығар» (мұражай зерттеушісі).*

Жоғарыда айтылғанға және келушілердің расымен де тарихи-мәдени нысандарға нұқсан келтіргендігін көрнекі түрде мысал келтіруге болады (3 сурет).

**Сурет 3. Жошы хан кесенесі кірпіштеріне қашалып жазылған жазулар**



Сол себепті «Ұлытау» кешенінің жанынан сапар орталығы ашылғандықтан қасиетті нысандар мемлекет деңгейінде мұқият қадағаланып, толықтай қорғауға алынуы тиіс.

Алдағы уақытта сапар орталығының, «Ұлытау» қорығы мамандарының алдына қойылған міндеттер мен мақсаттар көп.

> *«2018 жылы кей ұлттық салт-дәстүрлер, мәселен, «Қымызмұрындық» ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енген болатын. Енді ауқымды жоспарлардың бірі – бұл Ұлытау мәдени ландшафтын ЮНЕСКО материалдық мұра тізіміне кіргізу. Екіншіден, туристтік бағыттар дайындап, оған қатысты барлық қажетті жағдайды жасау, арнайы гидтерді даярлау. Үшіншіден, тарихи-мәдени орындарды қорғау бойынша жобалар әзірлеу: ақпараттық тақтайшалар қою, абаттандыру жұмыстарын жүргізу, қосымша қайта өңдеуден өткізу» (мұражай зерттеушісі).*

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, Ұлытау аймағында орналасқан республикалық маңызы бар нысандарды ру немесе адам есімдерімен таңбалау, жанынан зират салу практикалары жергілікті әкімшілік пен тұрғылықты халық арасында түсініспеушілік бар екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл - халық тарапынан тарихи-мәдени орындардың қорғауға тұрарлық киелілі мен қасиеттілігі жайында хабардарлығының төмендігін және құндылықтық деңгейін мойындамауын көрсетеді.

## «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?»

Ұлытаудың туризм әлеуетін арттыру мәселесі Қазақ хандығының тарихы мен мәдениетін қайта жаңғыртумен тікелей байланысты. Осы орайда 2013 жылғы 5 маусымда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті іргесінде өткен Ұлттық тарихты оқыту бойынша ведоствоаралық комиссияның кеңейтілген отырысында бұрынғы Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин *«XII-XIV ғасырларды қамтитын Шыңғыс хан империясы мен оның мұрагерлері жүйесіндегі Қазақ даласының тарихы барынша мұқият зерделеуді қажет етеді»* деп басып айтқан болатын (Из выступления Государственного секретаря Марата Тажина, 2013). Кейін тарихшылардың Қазақ хандығы Алтын Орданың ізін басушы мұрагері ретінде жаңаша дәріптеп, оның құрамына енген 92 рудың 20-сы қазақ ұлтына тиесілі екендігі тұжырымдалды (20). Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолын терең зерделеу мақсатында 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойды да Ұлытаудан бастау алды. Тарих тағылымындағы

мұндай бетбұрыс мүдделі топтар арасында Ұлытауда орналасқан Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан кесенесінің танымалдылығын арттыра түсті.

Жекеше экскурсия жетекшісі Жошы хан, Алаша хан мен Домбауыл кесенелері халық арасында әрқашан сұраныста болғандығын және COVID-19 пандемия зардабынан шет елдерге шығу мүмкіндігі шектелген кезеңдерде келушілер ағынының есейлегенін айтады. Өлкетанушы кесенелерден бөлек соңғы бес жылда Ақмешіт әулие шыңы (Әулиеата тауы) тек қазақстандықтар арасында ғана емес, шетелдіктердің қызығушылы артқанын белгілейді:

> *«Мен жүргізген экскурсияда Белоруссия, Украина, Ресейден келген саяхатшылар болды. Соған қарағанда Әулиетау қасиеттілігі жайындағы әңгімелер шет ел асқандығын білдіреді. Таудың шыңына көтеріліп, шатыр тігіп, бір түн түнеп қайтады. Әулиетау туралы аңыз-әңгімелер өте көп. Бірақ халық арасында тарап, көпшілік арасында өзекті саналатыны – бұл жергілікті бақсы Бақберген Аяшевтің түсіне кірген аяндары желісінен тараған аңыздар» (жекеше экскурсия жетекшісі).*

Әдебиеттерде кеңінен таралған аңыздардың бірі бойынша Әулиетау басында Зердеш бабаға (Заратустра) Жаратушыдан аян түскен және құдай жолына түсуге шақырған (Шуптар, 2016: 44). Тағы бір аңыз сарынында Асан қайғы іздеген жер жаннаты Жерұйық осы Ұлытау өлкесі танылып, таудың биік шыңында жерленген. Енді бір халықтық қиял-ғажайып мысалдарында Әулиетау шыңы – аспан мен жердің ұштасатын орны болғандықтан, Жаратушымен сырласып, рухани тазаруға мүмкіндік алатындығы айтылған (Қазақ халқының тарихи тұлғалары, 2011:138).

Бақсы Бақберген Аяшұлының түсіне енген аян бойынша тау басында жеті сопы-шипагер: Сапар әулие, Гүлсара ана, Мұрат ата, Тана ана, Қали ата, Ырза ана, Тұрсын бақсы жерленген екен. 1997 жылы жергілікті халық қолдауымен Б.Аяшұлы Әулиетаудағы жеті әулиеге белгі тастар орнатқан (4, 5 сурет) (Қасиетті Әулие тау, 2018).

**Сурет 4. Б.Аяшұлының Әулиетауда Қали-Ата сопыға қойған тасы**



**Сурет 5. Б.Аяшұлының Әулиетауда Тана-Ана мен Мұрат-Ата сопыларына қойған тасы**




Демек, Әулиетау туралы аңыз-әңгімелер біздің заманымыздағы емші, бақсы арқылы жаңашаланып, оның даңқын жергілікті халық өздігімен, өз күшімен жаңғыртқандығы байқалады. Кейін аталмыш таудың танымалдылығы Ұлытау өлкесінен барша Қазақстанға таралып, мемлекет тарапынан ресми түрде аббаттандыру шарасы өткізіледі. 2007 жылы тау шыңына көтерілетін жалғызаяқ жол жасалып және әулиелердің дене топырақтары тастармен қоршалып, Едіге шыңында қабір тастары орнатылады (6-сурет) ((Қасиетті Әулие тау, 2018).

**Сурет 6. Едіге шыңында орнатылған Ер Едіге мен Тоқтамыс хан қабірлері**




Әрине, аталған жеті сопылардың, Едіге әмір мен Тоқтамыс хан сүйектері дәл сол Ұлытау таулы сілемінде жатқандығы жайында нақты тарихи деректер жоқ. Бірақ, жергілікті халықтың өзіндік салты бойынша нық сеніммен айтатын ауызекі аңыз-әңгімелері көпшілікке тарап, «тірі» естелік ретінде қабылданады.

Жергілікті мүдделі тұлғалардың жасанды түрде ұжымдық естелікті қалыптастырып, оған халықты сендіріп, киелі жерге зиярат ету практикасы француз тарихшысы Пьер Нораның «Естелік орындары» жобасына сәйкес келеді. Нораның анықтамасы бойынша естелік орындары өздерінің символдық мағынасы бойынша үстемдік ететін (доминируемые) және үстемдік етуші (доминирующие) орындар деп екі қарама-қарсы элементке ие (Нора, 1999:39). Бірінші жағдайда бұл ұлттық немесе әкімшілік билікке қатысты салтанатты және таңғаларлық орындар және көбінесе салтанатты немесе ресми рәсімдер үшін қолданылады. Адамдар мұндай орындарға белгілі бір тұлғаларға ресми құрмет көрсету немесе мемлекеттік маңызы бар іс-шараны өткізу үшін өздерінің еркінен тыс келеді. Екіншісі – паналау орындары, «ұжымдық жадының» киелі жерлері, ұлттық мұраның мәні бар орындар, үнсіз зияраттар. Бұл орындар жеке қауымдастықтардың жүрегінде «тірі» естелікке ие және заманауи тәжірибеде ең үлкен құндылыққа ие.

П.Нораның «Естелік орындары» зерттеу жұмысында өткен оқиғаларға емес, оларды бейнелеуге қызығушылық танытқанын анық көрсетеді. Ол үшін есте сақтау орны физикалық, топографиялық орын ғана емес, сонымен қатар жекелеген қауымдастықтар мен азшылықтардың жады мен оны қабылдауындағы символдық мәнді көрсететін барлық заттар мен құбылыстар. Мұндай орындардың басты мақсаты – «уақытты тоқтату, ұмыту жұмысын тоқтату» (Нора, 1999:41). Осылайша, Әулиетау кеңістігін физикалық элементтер (қабір тастары) және символикалық (аңыз-әңгімелер) мағыналармен толтырып, зиярат жасаушылар санының артуы – бұл үстемдік етуші орынның белгісін білдіреді. Ал Хан ордасы (Алаша хан қалашығы), керісінше, халық сұранысына қарай соңғы бес жыл аралығында үстемдік ететін орын мәнінен үстемдік етуші орынға ауысқаны байқалады. Себебі, гранит тастан соғылған хан тағы 2015 жылы Қазақ хандығының 550-жылдығына орай орнатылысымен сол жерге зиярат етушілердің легі толастамайды:

*«Ұлытауға келушілердің арасында Хан Ордасына бару сұранысы кесенелерден кейін екінші орында деп айтуға болады. Бұл жерге адамдар арнайы дайындықпен келіп, біраз уақыт*

*бөліп, жерге аунаған соң жеке отырып іштей медитация жасайды» (жекеше экскурсия жетекшісі).*

Хан Ордасы кешені мемлекет тарапынан салтанатты түрде ашылып, үстемдік ететін орынға айналса, кейін халық арасында танымалдылығы артып, оның жадысында үстемдік етуші, пана болушы орынға ие болды.

## Нәтижелер

Кейінгі жылдары Ұлытау аймағына қарасты билік пен ғалымдар, мүдделі тұлғалар мен жергілікті халық тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстарды саралау; арнайы сарапшылар тобынан алынған тереңдетілген сұхбат пен ғылыми-теориялық зерделеу нәтижесінде келесі қорытынды тұжырымдарды түйіндеуге болады:

1. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесінде мәдени ландшафт және оған енетін естелік орындары, киелі нысандар, біріншіден, жергілікті халықтың жақын ру-туыстық және шежірелік байланыстары негізінде (рушылдық); екіншіден, жершілдік пейілдердің тұрақтылығы мен бекемдігі (жершілдік); үшіншіден, жергілікті атқарушы органы басшысы беделдігінің және жұрт алдында абыройының үстемділігі (беделді актор) арқасында ревитализацияланып, қайта жаңғырып қалпына келтірілетіні байқалды;
2. Мүдделі тұлғалар (Б.Аяшұлы) мен жергілікті халықтың ұжымдық естеліктерді реновациялау барысында үстемдік етуші және үстемдік ететін орындардың мағыналық бөлінісі өзгермелі келетіні анықталды. Киелі орындар кеңістігін неғұрлым символикалық мәнге толтырған сайын, оның жадыда соғұрлым үстемдік ететіні және рухани қорған ретінде қабылданатыны шарт;
3. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан Ұлытау кеңістігі билік тарапынан біршама түрлендіру жұмыстарын, Қазақ хандығының мұрагері, Ұлы Дала Елінің нышаны ретінде қабылданатын ребрендинг үрдістерін өткерді. Дегенмен, Ұлытауда орналасқан киелі орындар жайында ғаламтордың ашық көздерінде деректердің аздығы және олардың қарама-қайшылығы өткен және осы заманғы ауызекі аңыз-әңгімелер лайықты түрде жинақталмағандығын білдіреді. Сол себепті Ұлытаудың академиялық ортада және ел арасында танымалдылығы артпайынша, оның нақты мәдени-тарихи құндылықтық келбеті толықтай дәріптелмейді;
4. Ұлытау киелі орындарының құндылықтық маңыздылығын халық арасында дәріптеу және олардың танымалдылығын ілгерілеу арқылы туризм әлеуетін арттыру мақсатында жергілікті тұрғындардың ұжымдық жадысында сақталған естеліктерді тіркеу қажеттілігі туындауда. Мұны жүзеге асыру барысында ұжымдық игіліктер бүкілхалықтық мәдениет игілігіне айналып, шекарасы шектеулі естеліктер ұлттық тарихи деректермен құжатталуы тиіс;
5. Бүгінгі күні жаңадан құрылған облыс Ұлытау аталуы, сонымен қатар, келер 2023 жылы Жошы ханның таққа отырғанына 800 жыл толуына байланысты Ұлытау өңірі жайындағы түрлі дискурстарды одан әрі саралауды талап етеді.

Мақала «Мәдени ландшафт: зерттеу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу аясында» әзірленді.

## Әдебиеттер тізімі

Ағымдағы жылдағы бірінші кездесудің нәтижелері QazaqGeography және Ұлытау қорық-мұражайы // «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының ресми

сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: http://ulytaureserve.kz/kz/150-aymday-zhylday-birinshi-kezdesudi-ntizheleri-qazaqgeography-zhne-lytau-ory-mrazhajy.html (қаралған күні: 03.04.2022).
Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания / П. Бергер, Т. Лукман. – Москва: «Медиум», 1995. – 323 с.
Ермаганбетова К. Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер: дисс. философия докторы: 6D020400 – Мәдениеттану. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019. – 151 б.
Ермаганбетова К., Озбек С. Мұражай – аймақтың танымалдылығын қалыптастырушы құрал // Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – Қарағанды. – 2017. – № 2 (86). – Б. 38-46.
Есім Ғ. Ұлытау - билік ордасы // Ақиқат. – 2014. – № 12. – 10 б.
Из выступления Государственного секретаря Марата Тажина // Официальный сайт интернет-газеты «Алтын-Орда». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL:http://www.altyn-orda.kz/kz/55124/ (қаралған күні: 15.04.2022).
Кан Г.В. История Казахстана / Г.В. Кан. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 312 с.
«Қазақ КСР-інің республикалық мәні бар тарихи және мәдени ескерткіштері туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы №38 қаулысы (СП Қазақ КСР, 1982 ж., N 5, 23-құжат)
Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. 1-кіт. –Алматы: Өнер, 2011. – 304 б
Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. Туған тіл: Еларалық қоғамдық саяси, әдеби-ғылыми альманах. – Алматы: Атажұрт, 2014. – 106 б.
«Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939 (қаралған күні: 30.03.2022).
«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406 (қаралған күні: 30.03.2022).
Қарағанды облысы (Ұлытау): «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясы. Үшінші том / «Туған жер» Қазақстандық өлкетанушылар бірлестігі. – Нұр-Сұлтан: «Полиграфкомбинат», 2019. – 378 б.
«Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 73/01 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20K0006094 (қаралған күн: 30.03.2022).
Қасиетті Әулие тау // «Адырна» ұлттық порталының ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL:https://adyrna.kz/post/9090 (қаралған күні: 21.04.2022).
Қожамсейітов С. Қазақ елінің кіндік мекені – Жезқазған (Ұлытаудың бас қаласы)/ мақалалалар, очерктер, зерттеулер / С. Қожамсейітов. – Алматы: Классика, 2014. – 255 б.
Мемлекет басшысы «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумының жұмысына қатысты // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-

basshysy-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynyn-zhumysyna-katysty (қаралған күні: 03.04.2022).
Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Кітап, 1993. – 32 б.
Нора П., Озуф, М., Ж. де Пюимеж, М. Винок. Франция-память / Нора П., Озуф, М., Ж. де Пюимеж, М. Винок . – Санкт-Петербург: Изд-во Петерб. ун-та, 1999. – 325 с.
«Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397 (қаралған күні: 30.03.2022).
Сабитов, Ж. М. Золотая Орда - «падчерица» казахстанской историографии // Научный журнал «Молодой ученый». – 2015. – № 24 (104). – Б. 842-851.
Тлеубаев С., Мырзабеков Б. Ұлытау – ұлттық ұясы / С. Тлеубаев, Б. Мырзабеков. – Астана: Елорда, 2001. – 108 б.
Хальбвакс М. Коллективная и историческая память // Неприкосновенный запас. – 2005. – № 2–3. – С. 8-27.
Шуптар В.В. Avalon Travel Guides Ұлытау: Туристік жол көрсеткіші. – Қарағанды: «Авалон» тарихи- географиялық қоғамы, 2016. – 100 б.

**Фарида М. Мусатаева**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

## Культурная символика ландшафта Улытау

**Аннотация.** В статье рассмотрены тенденции возрождения культурного ландшафта Улытау. Анализируются документы об исторических объектах на уровне принятия политических решений и концептуальных задач по восстановлению значения Улытау, одного из самых «скрытых» регионов советского периода. Рассмотрено, как обновляется символическое содержание исторических объектов, расположенных в Улытауском районе, и реконструируются эти объекты в крупные комплексы туристского содержания.

С первых лет независимости процесс по ревитализации региона началась с Первого Курултая, объединившего казахов всего мира в 1992 году, и продолжалась до празднования 750-летнего юбилея Золотой Орды. Проведена инвентаризация мест историко-культурного значения Улытау в рамках стратегических программ, проводимых государством, в том числе специального проекта «Сакральная география Казахстана» в рамках «Рухани жаңғыру». С одной стороны, Улытау считается шаныраком Казахского ханства, символом государственности, самобытности, единства; с другой стороны, регион с высокой концентрацией сакральных объектов, высоким потенциалом этнографического туризма.

Автор рассматривает символику ландшафта Улытау с помощью трех различных смысловых позиций: во-первых, Улытау является началом государственности, символом самобытности; во-вторых, как музей под открытым небом; в-третьих, как туристический центр и анализирует его культурный потенциал.

Данная статья разработана на основе доступных сведений, опубликованных в открытых источниках интернета, архивных документов, трудов, опубликованных в рамках реализации

специального проекта «Сакральная география Казахстана», и эмпирических данных, полученных на основе экспертных глубинных интервью.
**Ключевые слова:** Улытау; культурный ландшафт; сакральные места; места памяти; ревитализация; государственность; историческая память; коллективная память.

**Farida M. Mussatayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**The cultural symbolism of the Ulytau landscape**

**Abstract.** The article considers the trends in the revival of the cultural landscape of Ulytau. Documents on historical objects are analyzed at the level of political decision-making and conceptual tasks to restore the significance of Ulytau, one of the most "hidden" regions of the Soviet period. It is considered how the symbolic content of historical objects located in the Ulytau region is being updated, and how these objects are being reconstructed into the large complexes of tourism content.

From the first years of independence, the revitalization process of the region began with the First Kurultay that united Kazakhs all over the world in 1992 and continued until the celebration of the 750th anniversary of the Golden Horde. An inventory place of the historical and cultural significance of Ulytau was carried out within the framework of strategic programs conducted by the state including the special project "The Sacred Geography of Kazakhstan" within the framework of "Rukhani Zhangyru". On the one hand, Ulytau is considered the shanyrak of the Kazakh Khanate, a symbol of statehood, identity, and unity; on the other hand, it is a region with a high concentration of sacred objects and a high potential for ethnographic tourism.

The author examines the symbolism of the Ulytau landscape by means of three different semantic positions: the first, Ulytau is the beginning of statehood, a symbol of identity; the second, it is considered as an open-air museum; the third, as a tourist center and analyses its cultural potential.

The article has been developed on available information published in open Internet sources, archival documents, and scientific works published as a part of the special project "The Sacred Geography of Kazakhstan", and empirical data taken on the bases of expert in-depth interviews.
**Keywords:** Ulytau; cultural landscape; sacred places; places of memory; revitalization; statehood; historical memory; collective memory.

**References**

Agymdagy zhyldagy birinshi kezdesudin natizheleri QazaqGeography zhane Улytau koryk-myrazhajy [Results of the first meeting this year QazaqGeography and Ulytau nature reserve-Museum], «Улytau» ylttyk tarihi-madeni zhane tabigi koryk-myrazhajynyn resmi sajty [Official website of the national historical, cultural and Natural Reserve-Museum "Ulytau"]. Available at: http://ulytaureserve.kz/kz/150-aymday-zhylday-birinshi-kezdesudi-ntizheleri-qazaqgeography-zhne-lytau-ory-mrazhajy.html, [in Kazakh]. (accessed 03.04.2022).

Berger P., Lukman T. Social'noe konstruirovanie real'nosti. Traktat po sociologii znaniya. [Social construction of reality. A treatise on the sociology of knowledge] (Medium, Moscow, 1995, 323 p.), [in Russian]

Ermaganbetova K. Kazakstandagy madeni brending: teoriyalar zhane tazhiribeler [Cultural branding in Kazakhstan: theories and practices]: diss. filosofiya doktory: 6D020400 –

Madeniettanu [diss. doctor of philosophy: 6D020400-Cultural Studies] (Al-Farabi Kazakh State University, Almaty, 2019, 151 p.) , [in Russian].
Ermaganbetova K., Ozbek S. The museum is a tool that forms the popularity of the region . BULLETIN of the E.A.Buketov Karaganda State University. History. Philosophy Series. 2017. P. 38-46.
Esim G. Улытау - bilik ordasy [Ulytau is the capital of power] Newspaper "Akikat", 2014. P.10, [in Kazakh].
Iz vystupleniya Gosudarstvennogo sekretarya Marata Tazhina [From the speech of the Secretary of State Marat Tazhin], Oficial'nyj sajt internet-gazety «Altyn-Orda» [The official website of the online newspaper "Altyn-Orda"]. Available at: http://www.altyn-orda.kz/kz/55124/ [in Russian]. (accessed 15.04.2022).
Kan G.V. Istoriya Kazahstana [History of Kazakhstan] (Almaty kitap publishing house, Almaty, 2011, 312 p.), [in Russian].
«Kazak KSR-inin respublikalyk mani bar tarihi zhane madeni eskertkishteri turaly» Kazak KSR Ministrler Kenesinin 1982 zhylgy 26 kantardagy №38 kaulysy [Resolution of the Council of Ministers of the Kazakh SSR No. 38 dated January 26, 1982" on historical and cultural monuments of Republican significance in the Kazakh SSR "], (SP Kazak KSR, 1982 zh., N 5, 23-kyzhat) [SP Kazakh SSR, 1982, N 5, Article 23]
Kazak halkynyn tarihi tylgalary: Kyskasha anyktamalyk. 1-kit. [Historical figures of the Kazakh people: a brief reference book] (Oner, Almaty, 2011, 304 p.), [in Kazakh].
Kazakstan Prezidenti N.A.Nazarbaevtyn Улytau torindegi syhbaty [Interview of the president of Kazakhstan N. A. Nazarbayev in ulytau], Tugan til: Elaralyk kogamdyk sayasi, adebi-gylymi al'manah [Native language: inter-country socio-political, literary, and scientific Almanac] (Atazhyrt, Almaty, 2014, 106 p.), [in Kazakh].
«Kazakstan Respublikasynyn madeni sayasatynyn tyzhyrymdamasy turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2014 zhylgy 4 karashadagy № 939 zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 4, 2014 No. 939" on the concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan "], «Adilet» Kazakstan Respublikasy normativtik kykyktyk aktilerinin akparattyk-kykyktyk zhyjesi [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet»]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939, [in Kazakh]. (accessed 30.03.2022).
«Kazakstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023 zhylga dejingi tyzhyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Укimetinin 2017 zhylgy 30 mausymdagy № 406 kaulysy, «Adilet» Kazakstan Respublikasy normativtik kykyktyk aktilerinin akparattyk-kykyktyk zhyjesi [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet»]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406, [in Kazakh]. (accessed 30.03.2022).
Karagandy oblysy (Улytau): «Kasietti Kazakstan» enciklopediyasy. Уshinshi tom [Karaganda region (Ulytau): encyclopedia" Sacred Kazakhstan". Volume three], «Tugan zher» Kazakstandyk olketanushylar birlestigi [Kazakhstan Association of local historians" Tugan zher"] (Poligrafkombinat, Nyr-Syltan, 2019, 378 p.), [in Kazakh].
«Karagandy oblysynyn zhergilikti manyzy bar tarih zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimin bekitu turaly» Karagandy oblysynyn akimdiginin 2020 zhylgy 17 karashadagy № 73/01 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 30, 2017 No. 406" on approval of the concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan until 2023"] «Adilet» Kazakstan Respublikasy normativtik kykyktyk aktilerinin akparattyk-kykyktyk zhyjesi [Information and legal

system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet»]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20K0006094, [in Kazakh]. (accessed 30.03.2022).
Kasietti Aulie tau [Sacred Mountain] (official website of the national portal" Adyrna"). Available at: https://adyrna.kz/post/9090, [in Kazakh]. (accessed 21.04.2022).
Kozhamsejitov S. Kazak elinin kindik mekeni – ZHezkazgan (Ұlytaudyn bas kalasy) makalalalar, ocherkter, zertteuler [Zhezkazgan (the main city of Ulytau) – the birthplace of the Kazakh people/ articles, essays, research ] (Klassika, Almaty, 2014, 255 p.), [in Kazakh].
Memleket basshysy «Ұlytau 2019» halykaralyk turistik forumynyn zhymysyna katysty [Participation in the International Tourism Forum "Ulytau 2019"], Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty [Official website of the president of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-basshysy-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynyn-zhumysyna-katysty, [in Kazakh]. (accessed 03.04.2022).
Nazarbaev N.A. Kazakstannyn bolashagy – kogamnyn ideyalyk birliginde. [The future of Kazakhstan lies in the ideological unity of society] (Kitap, Almaty, 1993, 32 p.), [in Kazakh].
Nora P., Ozuf, M., Zh. de Pjuimezh, M. Vinok. Francija-pamjat' [France-memory], (St. Petersburg University Press, 1999, 325 p.), [in Russian].
«Respublikalyk manyzy bar tarih zhane madeniet eskertkishterinin memlekettik tizimin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Madeniet zhane sport ministrinin 2020 zhylgy 14 sauirdegi № 88 byjrygy [Order of the minister of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2020 No. 88" on approval of the state list of historical and cultural monuments of national significance"] «Adilet» Kazakstan Respublikasy normativtik kykyktyk aktilerinin akparattyk-kykyktyk zhyjesi [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet»]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397, [in Kazakh]. (accessed 30.03.2022).
Sabitov, Zh. M. Zolotaja Orda - «padcherica» kazahstanskoj istoriografii [The Golden Horde - the "stepdaughter" of Kazakhstani historiography], Nauchnyj zhurnal «Molodoj uchenyj» [Scientific journal "Young Scientist"]. 2015. No. 24 (104), P. 842-851, [in Russian].
Tleubaev S., Myrzabekov B. Ұlytau – ylttyk yyasy [Ulytau - national nest] (Elorda, Astana, 2001, 108 p.), [in Kazakh].
Hal'bvaks M. Kollektivnaja i istoricheskaja pamjat' (Halbwachs M. Collective and historical memory), Neprikosnovennyj zapas (Unbroken reserve), 2005. No 2-3, P. 12, [in Russian].
Shuptar V.V. Avalon Travel Guides Ұlytau: Turistik zhol korsetkishi [tourist guide] Historical and Geographical Society" Avalon", Karaganda, 2016, 100 p.), [in Kazakh].

***Автор туралы мәлімет:***

*Мұсатаева Фарида Мағауияқызы* – «Мәдениеттану» мамандығы бойынша PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

*Mussatayeva Farida Magauievna* – Ph.D. student in Cultural Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.